



Мырхалықов Жұмахан Үшкемпіров, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, университет ректоры - 2012 ж.

дары технологиясы институтының профессоры Караваяев сөз алып, жиналған жұртты жеңіс күнімен құттықтады. Ол өз сөзінде: «Соғыс кезінде біздің институт ұжымы тыл еңбеккерлеріне барлық салада көмек көрсетті. Астық жинауға да, мақта теріміне де, құрылыс салуға да және тағы басқа салаларда барынша жәрдем берді. Қайнаған еңбек ортасында жұртпен бірге оқытушыларымыз бен студенттеріміз де жүрді. Бұдан бөлек біздің ұжым қаржы жинап, қорғаныс қорына да аударып отырды. Ұлы Жеңісті жақындатуға оқу орнының да өзіндік үлесі болды. Ендігі жерде еліміздің өркендеуі, кейінгі ұрпақтың тыныш, бақытты өмір сүруі жолында жұмыс істейік!», - деп институттың үлгілі істерін атап өтті.

Осы салтанатты жиында институттың алғашқы түлегі - №1 диплом иегері, соғыс ардагері, профессор А.А.Балакиров: «Мен Шымкент технологиялық институтына оқуға 1943 жылы әскерден келіп түстім. Ол

Жоғары және Орта арнаулы білім министрі, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған Қ.Б.Білелов бұрын өзі басқарған оқу орнына камқорлығын аяған жоқ. Институттың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, оқу ғимараттар кешенін салу үшін қаржы бөлуге көп ықпал етті.

1959 жылы институттың ректорлығына осы оқу орнының түлегі, 30 жастағы С.Т.Сүлейменов тағайындалды. Сұлтан Төшірбайұлы институттың материалдық-техникалық базасы мен ғылыми потенциалын өркендетуге бар күш-жігері мен білімін аямады. Қазіргі университеттің бас ғимараты мен «А», «Б» оқу корпустары, 4 бірдей студенттер жатақханасын, асхана, «Машат» шатқалында демалыс лагері, оқу-лабораториялық және спорт кешендері сол кісінің пәрменімен салынды.

Сүлейменов басшылық еткен тұста институт құрамында 7 факультет, 33 кафедра,

меттері баспалдақтарынан өткен Ш.М.Молдабеков 1980-1987 жылдарда оқу орнының ректоры болды. Басшының жоғары ұйымдастырушылығының арқасында осы жылдар ішінде 2 студенттер жатақханасы, оқытушыларға арналған 2 тұрғын үй, «Машат» сауықтыру кешенінде көптеген жана құрылыстар салынды. Сонымен бірге 9 және 4 қабатты оқу корпустары тұрғызылып, әрбір студентке 15,3 шаршы метр оқу алаңы тиесілі болды. Осылайша институт республика бойынша жоғары оқу орындары арасында әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсартылған оқу орнына айналды.

Ғылыми - зерттеу саласында үлкен табыстарға қол жетті. Егер 1980 жылы институтта 133 ғылым кандидаты болса, ал ғылым докторы мүлде болмаған еді. Ал 1988 жылы ғылым кандидаттарының саны - 276-ға, ғылым докторлар 13-ке жетті. Жаңа салалық және проблемалық ғылыми

ғылымның өзекті мәселелеріне арналған халықаралық және республикалық ғылыми-конференциялардың ұйымдастырылуына ұйытқы болды. Екіжақты келісімдер негізінде үздік студенттердің екінші курстан кейін Ресейдің оқу орындарында тегін білім алуына қол жеткізді.

А.И.Айнабековтің тікелей басшылығымен университетте «Оңтүстік Қазақстандағы ғылым мен білім» ғылыми журналы шыға бастады.

1996 жылы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университетіне ректор болып тағайындалған Е.Ө.Медеев басшылық еткен кезең ішінде белгілі оқу орнына Техникалық университет біріктіріліп, білімнің қарашаңырағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті болып қайта құрылды. 2001 жылға дейін басшылық етті. Біліктілігі жоғары кадрларды сақтап қалуға үлкен көңіл бөле отырып, қайта құрулардан туындаған қиыншы-

келді. Жұмахан Үшкемпіровтың жетекшілігімен оқу орнын зерттеу университетіне трансформациялауға бағытталған шаралар іске асырылуда.

Ғылымды басқарудың жаңа жүйесі енгізіліп, университеттің материалдық-техникалық базасын қайта жабдықтау жүргізіліп, тәжірибелік-өндірістік кешен құрылды. Нәтижеде соңғы жылдары ғылымды қаржыландыру 10 еседен астамға, орындалып жатқан ғылыми және білім беру жобалар саны 3,5 есеге өсті. «Агроөнеркәсіп» факультетінің 500 орындық студенттер жатақханасының құрылысы басталды.

Ж.У.Мырхалықовтың жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан инновациялық қызметтің арқасында «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры ұйымдастырған «Ин-

Білімнің қасиетті ордасы

1943 жыл. Сұрапыл соғыстың ең сындарлы шағы еді. Ер азаматтардың дені майданға аттанып, елдегі халық таңның атысы, күнің батысы аянбай еңбек етіп, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен жанын сала қимылдап жатқан уақыт болатын. Тап осы қым-қуыт кезде қаламызда жаңадан жоғары оқу орны ашылып, өз жұмысын бастаған еді.

Ұлы Отан соғысының ең бір ауыр кезеңінде де ел басшылығы соғыстың жеңіспен аяқталатынына кәміл сені отырып, соғыстан кейінгі экономиканы қайта қалпына келтіру және әрі қарай дамыту, оған қажетті мамандар даярлау мәселесін ойдан шығармай, күн тәртібінен түсіре қойған жоқ. Осы мақсатпен Шымкент қаласында Құрылыс материалдары технологиялық институтын ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.



Делвер Константин Александрович, институт директоры - 1943-1944 жж.



Үмбеталин Сафа Үмбеталинович, институт директоры - 1944-1957 жж.



Измайлов Аркадий Владимирович, институт директоры - 1957-1958 жж.



Білалов Қали Білалұлы, химия ғылымдарының кандидаты, профессор, институт директоры - 1958-1959 жж.



Сүлейменов Сұлтан Төшірбайұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒА академигі, институт ректоры - 1959-1974 жж.



Молдаметов Зейнolla Молдаметұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, институт ректоры - 1974-1980 жж.



Молдаметов Шайхмет Молдаметұлы, институт ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ИА академигі - 1980-1988 жж.




Наурызбаев Михаил Қасымұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор, институт ректоры - 1988-1991 жж.



Қадменов Тьлнасбек Шәріпұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ИА академигі, Оңтүстік Қазақстан техникалық университетінің ректоры - 1991-1997 жж.



Айнабеков Алтынсabay Имақұлұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ИА академигі, университет ректоры - 1997-1998 жж.



Медеев Есенгелді Оміржанұлы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық білім академиясының академигі, университет ректоры - 1997-2001 жж.



Бишімбаев Уәлихан Қозықеулы, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, университет ректоры - 2001-2012 жж.

новациялық Қазақстан» идеялардың республикалық жастар конкурсының нәтижесі бойынша М.Әуезов атындағы ОҚМУ Қазақстан Республикасының екінші инновациялық жоғары оқу орны болып танылды.

Ж.Мырхалықовтың басшылығымен университетіміздің кейінгі жылдары қол жеткізген жетістіктерінің ішінде Ұлттық бизнес-рейтинг тіркемесі бойынша М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті жылдың үздік кәсіпорны деп танылып, «Қазақстан 2017 Көшбасшысы» Күрмет Белгісі табыстады.

Университет ректоры Ж.Мырхалықов «Даңқ Қазақстан» орденінің иегері атанды. Сондай-ақ, Жұмахан Үшкемпіров Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің «Қазақстан Республикасы білімінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен және Тараз қаласы әкімінің Күрмет грамотасымен марапатталған, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі «ЖОО 2009 жылғы үздік оқытушысы», «Күрмет» орденінің иегері.

Білім ордасының тарихына үнілсек, 1996 жылы ҚР Үкіметінің №573 қаулысымен Қазақ химия - технологиялық университеті болып аталған оқу орны 1998 жылы Үкіметтің №256 қаулысымен Оңтүстік Қазақстан техникалық университеті және Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университетінің бірігуі негізінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті болып қайта құрылды.

Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университеті Шымкент педагогикалық медицина институты мен Шымкент дене тәрби-

